

С. Қ. Алтайбаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Кафедрадағы 2010–2014 жылдар аралығында жүргізілген зерттеу тақырыбының аясында кәметке толмаған қылмыскерлердің жеке басын келесідей сипаттауға болады.

Криминалды жастарға тән келесі сипаттарды жекелеп, бөліп қарастырғанда:

1. Мінез-құлықтық нышандар — бұл жазылмаған «заңдар», «басқа өмірдің» ережелері мен салттары, берілген анттары мен қарғыстары болып табылады. Аталғандардың барлығы жасөспірімдер мен жастардың мінез-құлық ұстанымының және қылмыскерлердің реттеуші құралдары ретінде қабылданады. Криминалды жеке мәдениеттің алғашқы қажетті белгілері осыдан басталады.

2. Жіктеп-дәрежелену элементтері — кәметке толмағандар мен жастар арасындағы топ мүшелерін жіктей отырып, сатылы түрде бағыныштылықта, әркімнің алатын орнына қарай «жоғарыдан» төмен қарай анықтау, оны тағайындау, белгілеу (таңбалау).

3. Коммуникативті нышандары — жеке және топтық қарым-қатынастарында араласу құралы болып табылады (татуировкалары, ныспы, лақап аттары, қылмыстық жаргондары). Бұл нышандарды тек бас бостандығынан айыру орындарында ғана емес, соған қоса бостандықта күнделікті жастардың қарым-қатынастарынан да кездеседі. Қазіргі таңда қоғамда қылмыстық жаргондарды қолдану сәнге айналғандай, баяғыдан.

4. Экономикалық нышандар — криминалды топтардың материалдық базасы болып табылатын, олардың одан әрі біріге қылмыстық әрекет етуіне жұмылдыратын («обшак», «ортақ байлық» және материалдық өзара көмек қағидасы). Ескере кететін жайт, бостандықта жастардың шағын топтар арасындағы мұндай әрекеттерінің жасырындылығы өте жоғары. Ешкімге жасырын емес, шағын топтардың әрекеттері үнемі өте жақсы қаржыландырылып отырылады, бірақ, қаржыландыру көздері кейде белгісіз болып жатыр. Мысалы, үлкен қаржыны қажет ететін футбол ойындарындағы басбұзарларының қаржылануы.

5. Жыныстық-нәпсіқұмарлық құндылықтары — жыныстық қызығушылықтар жөнінде қарама қарсы жыныстыларға деген ерекше қатынастары. Бұл криминалды шағын топтарда нормаға айналған, қазір әр жастардың криминалды топтарында бар құбылыс.

6. Өздерінің денсаулықтарына деген ерекше қатынасы — қандайда бір ауруды сылтауратып, өзінің пайдасын ойлау, не болмаса криминалды топта бедел жинауда бұлшық еттерін шығарумен айналысу (кейде).

7. Алкоголь мен есірткіге қатынастары — жастар мен жасөспірімдердің қылмыстық қоғамдастықтарды «біріктіруші», өзін қылмыстық топтың ортасында бекітуде құрал ретінде қолдану немесе мүлдем оларға жол бермеуді ұстану қағидасы (діни бағытта болуы мүмкін).

Аталған белгілердің барлығы қылмыстық шағын топтардың арасына түскенде кәметке толмағанға қалай әсері бар екенін талдап көрелік (аталған белгілердің барлығын толық атадық деген пікірде емеспіз). Бұлар бірінші кезекте кәметке толмағанның әлеуметтік-психологиялық жағдайына әсері күшті. Олар келесідей:

1. Қаталдық (адами қасиеттен ада, адамгершілікке қарсы, жауыздық, қатыгез, озбыр, тас жүрек, қайырымсыз, рақымсыз, мейірімсіз) әлсіздер мен қорғансыздарға қатысты аяушылық сезімінен ада. Қазіргі еркін даму үстіндегі жастардың шағын орталарында бар құбылыс екенін дәлелдеуді қажет етпейді.

2. Адал еместік (екі жүзділік, өтірік айту, алдау, алаяқтық, сатқындық) криминалды өмірінде өз адамдар тобына, бөгде адамдарға қатысты және өзінен «жоғары», «төмен» тұрғандарға қатысты, ал қалыпты өмірінде басқа адамдарға менсінбеушілікпен қарау.

3. Қылмыстық ортаның паразиттік өмір салтымен «құрметтелгендер», криминалды ортада басқа адамның есебінен күн көру (басқа адамдардың есебінен және иерархиялық

бағыныштылықта өзінен төмен тұрған адамдар есебінен, бопсалау, салық салу арқылы). Бұл жастардың шағын орталарының басты ерекшелігі болып табылмақ.

4. Тағылық — материалдық құндылықтарды себепсіз құртуға, бүлдіруге деген бейімділігі, құмарлығы. Неге екені белгісіз қазіргі жастардың осындай қасиеті бар. Оған кез келген ЖОО дәрісханаларындағы парталардағы жазу, сызулық «шығармашылықтарынан» көруге болады.

Демек, аталғандардан келесідей қорытынды жасауға болады — теріс пиғылды кез келген жастардың шағын ортасы болашақта қандай да бір криминалды шағын топтың бастамасы болмақ.

Жоғарыда аталғандар жалпы криминалды жолда жүрген адамға қатысты болса, қазіргі таңдағы қазақстандық қоғамда өзекті, қылмыстылықтың бір түрі терроризм мен діни экстремизм болса, оның жолына түскен адамды қалайша «сомдар» едік. Кез келген адамның теріс жолға түсуінің салдары оның қоғамнан жатсынуынан басталатыны белгілі.

Аталған белгілерді жоққа шығармай, қосымша, ерекше келесі белгілерді терроризм мен діни экстремизм жолындағы адамның бойынан табуға болады: өздеріне тән ерекшеліктері келесідей — жеке басының түпкілікті өзгергені, ол ұстанымына байланысты болып тұр. Әдетте олардың бойында агрессия пайда болады. Ортақ мүддеге ұмтылу белсенділігі артады. Барлығын өздерінің қас жауы деп қабылдау ұстанымы. Шектен шыққан фанатизм. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлерді жоққа шығару. Топтық мүдделеріне соқыр сеніммен қарау. Қоғамнан жатсыну. Өш алуда, кек алуда, әділеттілікті орнатуда бұрмалаушылық, сылтау.